

АҚМЕШТ

ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 18 (503)

6 мамыр, 2023 жыл

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Адамзат тарихындағы қантөгістердің қай-қайсысы да жазықсыз халықтың қырылуымен, жеңіліс пен жеңіс таразыға түссе де, бүгіндей бірнеше ұлттың тағдырына тікелей әсер ететін жайттардың орнын алуымен аяқталады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Әбуов Ұлы отан соғысына республиканың 6,5 млн халқының 1,2 млннан астамы, шамамен 20 %-ы майданға аттанғанын айтады. Соғыс майданға кеткендердің өрбiр екiншiсiнiң, яғни 600 мыңнан астам қазақстандықтың өмiрiн жалмады. Мыңдаған қазақстандық өзiн ержүрек жауынгер ретiнде көрсетiп, түрлi медальдармен марапатталды. Бiрнеше жылға созылған соғыс жеңiспен аяқталып, Германия жеңiлу туралы актiге қол қойған соң 9 мамыр – қазақстандықтар ұшын атаулы мөреке ретiнде атап өтiлiп келедi. Ал 1965 жылдан бастап демалыс күнi ретiнде бекiтiлдi.



**АРДАГЕРЛЕР АЗАЙЫП
БАРА ЖАТЫР...**



Айта кетейік, 5 мамыр күні Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Ұлы Жеңістің – 78 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Ал 9 мамыр күні қаладағы «Мәңгілік алау» мемориалына салтанатты түрде гүл шоқтарын қою рәсімі өткізіледі.


Соғыстан кейінгі 78 жыл ішінде ардагерлер саны жыл санап азайып келеді.

Мәселен, өткен жылдың соңындағы апаратқа сүйенсек, олардың саны бар-жоғы 387 адамды құраған. Алайда ардагерлердің ерен ерлігін олардың жесірілері, тыл еңбеккерлері балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген азаматтар мәңгілік есте сақтайды. Осы жылдың 1 сәуіріндегі статистика ардагерлер санының сол қалпында екенін байқатып отыр. «Былтыр Қазақстанда 665 ардагер болған» деді министрлік төлкіман тұрғыны – 205, қалтыс болған ҰОС мүддеттерінің әйелі мен күлеуі – 2 918, ҰОС кезінде қаза тапқандардың жесірілері – 6, тылда еңбек еткендер – 69.

Был Ұлы Отан соғысына – 78 жыл. Осыған орай Сыр өңірінен шыққан Ұлы Отан соғысының 6 ардагеріне мемлекет тарапынан 1,5 млн теңге көлемінде бірреттік жәрдемақы берілмек. Бұған қоса, тылда еңбек еткен екі мыңнан аса азамат пен оларға теңестірілген жаңдарға 138 мың теңге көлемінде қаржы төленді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабәев хабарлады.

– Жыл сайын Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне барынша әлеуметтік қолдау шаралары жүргізілуде. Быыл да бұл үрдістен жаңылмай өңірімізден шыққан бағыр ардагерлерімізді құрметтеу шаралары ұйымдастырылады. Қазіргі таңда аймағымызда 6 Ұлы Отан соғысының ардагері мен оларға теңестірілген 4177 азамат бар. Оларға мемлекет тарапынан ай сайын орта есеппен 178 мың теңге зейнетақы және 65 200 теңге арнаулы жәрдемақы төленуде. Ал соғыс жылдарында қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ордендерімен және медальдарымен марапатталған 10 ардагерге 207 мың теңге көлемінде қаржылай жәрдемақы беріледі. Сонымен қатар мамыр айының 6-10 аралығында ардагерлерге арналған қайырымдылық акциясын ұйымдастыратын боламыз, – деді басқарма басшысы.

Аделина МӨДЕЛХАНЫЗЫ



АЗАМАТ – ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ

Қазақ болмысы ерлікке жақын. Бойында өрлік пен намыс, батырлық пен табандылық ұштасқан аталар қаншама ғасыр ел-жердің амандығын сақтап, арманды орындады. Оны кескілескен қақтығыстар, тарихи оқиғалардағы өрлік өңгімелерден жақсы білеміз. Бүгінгі бұйын да ата жолын жалғап, өміршең үрдісті бұзбай келеді. Қатардағы жауынгерлер Отан алдындағы міндетті, халық алдындағы қызметті терең түсініп, күн-түн күзет үстінде.

Отан қорғаушы! Қасиетті де құдіретті ұғым. Қаншама азаматтың Отан алдындағы борышын өтеп, қорған болуға қадам басуына осы мерейлі сөз әсер еткені белгілі. Бүгінге дейін атамекенді қорғауды борышқа балап, ұлты сүюдің үлгісіне айналған ерлердің есімі жадымызда сақталуына қасиетті ұғым әсер етті. Себебі, ер адам үшін кіндік қаны тамып туып өскен жерінен – Отанның қымбат жер жоқ. Шетелде болса да шан басқан, қанғағы желмен қаныған туған жерін сағынсаң. Туған жерді қадірлеу қанда бар құндылыққа айналғаны да Отан ұғымының асқақтығы себеп болғандай.

Байтақ жер, қойнау толған қазына – халық мұрасы. Соған бұй, сақ заманынан бері ата-бабаларымыз сүйем жер үшін сүйеніп, жан алысып, жан берісті. Бүгінде төгілген қан, қақыр-қайратты арқасында ұланғайыр жерге иеміз. Осы жерімізді қорғап, қайғышты қорып, байлығын игеріп, халық қажетіне жарату қазіргі бұйынның еншісінде. Ұлтты сүю ұлтшылдық емес, ұлтжандылық. Сондықтан біз ең басты туған жерді қорқыту үшін жан аямай еңбек етуге, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарауға, басқа ұлттарға салт-дәстүрлімізді өнеге етуге тиіспіз. Қазақ өркенетінде ел қорғау Отаншылштық қасиетті міндеттердің бірі саналғаны белгілі.

Отан қорғаушы – еліміздің қорғаныс қабілетінің кемелденгенін, әскери күштері деңгейін айғақтайтын азамат. Ұлттық-патриоттық рухты көтеруге, мінәзді ата-бабамыздың жауынгерлік дәстүрлің жандандыру да аталған азаматтардың қолында.

Бүгінде Қазақстан әскери әлеуеті жыл санап жаңа белеске көтерілуде. Техникалық база жанданып, әскери ұрыс қимылдарының озық модельдері қолданысқа енді. Мемлекет аралық оқу-жаттығу мен БҰҰ-ның бітімгерлік миссиясында жиған тәжірибе бір төбе. Отан қоса Отан қорғаушыларды әлеуметтік қолдау ісі де жанданып келеді. Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде әскери қызметкерлерің жалақысы, баспана мәселесі біршама шешім тапты. Яғни, барлық жағдай жасалған. Сондықтан ескеңел ұрпақтың әскери боршы өтеуге ұмтылып, Отан ұғымының кемелден түсуіне кедергі жоқ.

Б.ШАҒЫРОВ



■ Jenis

«НАН БОЛСА – ӘН БОЛАДЫ...»

»2

■ Aibyn

«АРМАНЫМЫЗ
ДА, ЖАУАПКЕР-
ШІПІГІМІЗ ДЕ
БАР»

»3

■ Doda

ТАШКЕНТТЕП
ТАРТЫС

»7

– Қамбарбек Амангелдіұлы, осы күнгі кәсіпкерлікті қолдау хайына тоқталып өтсеңіз... Бұл бағытта өңірде қандай ілкімді істер бар?

– Мемлекет басшысы атап өткендей, кәсіпкерлік саласын жүйелі дамыту, оларға қолайлы жағдай жасау – басты міндет. Үкімет шағын бизнесті ортаға және орта бизнесті ірі бизнеске айналдыру үшін мемлекеттік қолдау аясын кеңейтіп отыр. Быыл аймақта кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әр түрлі көздерден 23 млрд теңгеге жуық қаражат қаралған. Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде облыста шағын және орта кәсіпкерлікте тіркелген субъектілер саны 74 987-ге жеткен. Бұл – 132,5 процентке есті деген сөз. Ондағы жұмыс істейтін субъектілер саны 70 879-ды құрайды. Сандық деректерге жүгінесек, мұнда да 138,7 процент өсім бар. Ал қала және аудандарда кәсіпкерлер саны 30-40 процент арасында ұлғайған. Экономиканың бұл секторында облыстағы экономикалық белсенді халықтың 34,8 проценті, яғни 121,7 мың адам жұмыспен қамтылған. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға қарай облыста шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі 25 процентке жеткізу міндеті қойылған. Бұл бағытта өңірде кәсіпкерлікті қолдау шаралары кеңінен іске асырылатын болады. Биыл есіресе, жастар кәсіпкерлігіне баса маңыз аударылууда.

Аймақта кәсіпкерлік саласы көш бастап, алдыңғы орында келеді. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар ісін жаңадан бастаймын дегеннің де, дамытамын дегеннің де қолтығынан демеуде. Ігі бастамалардың нәтижесі де жоқ емес. Қазір тіпті елді мекендерде де өнім шығарып, өндіріске ықпал етіп жатқандар көптеп көзdesеді. Мұның барлығы мемлекеттік деңгейдегі қолдаудың жемісі екені дауссыз. Осы ретте халықтың оң жамбасына шығатын ігі бастамалардың жай-күйі барысын білу мақсатында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Қамбарбек Амангелдіұлы Мүбаракөвпен өңгімелескен өдік.

4 бетте



«МҰНАЙДЫҢ ОРНЫН
ӨНДІРСІПЕН ТОЛТЫРАМЫЗ»

Уақыт алға жылжып, көкке қол соғандай көрінісін қиын дүниенің бәрі құлжетімді бола түскенде отбасылық құндылық, қарым-қатынас пен мейірім сыйды қарапайым қағидаларды жоғалтып алғандаймыз.

ана жалғзынан, бала өскенін айырғалған. Қаралы қағаздар жеткен. Халық бары мен жоғын түгендеп, енді ес жиі бастаған кез ғой. Әке-шешемнің осыған дейін аштық болғанын естип өскен мен соғыстан кейінгі жағдайды да ашықтан көм көрмеймін.



Қасымда кілең жасылар.

Сендер сияқты немерелерім де жанымда», – дейді үйде берімздің тату боп, алыстағы жақындарымызды іздеп тұратынымызды көріп.

Осылайша 11 ұл-қыздан 26 немере, 16 шөбере сүйіп отырған ақ жаулықты әжем көпбалалы ана ретінде жыл сайын медаль тағып, марапатқа ие болып жүр.

Асыл әжем «Адам болған соң сыртыңнан сөз айтуы мүмкін. Ауыр сөз де болады. Соған ашуланып, кек сақтап жұрме. Бәрінің өз қайтарымы бар.

Дина БӨКБАЙ

беретін. «Светский» зауыттың кимдерінен еш кем емес. Осылайша 10 баладан аз тұмайтын заманда бір-бірімізге сүйеу болып, анамыз жоқта ана, әкеміз жоқта әке болып өскенбіз. ...» – дейді ол.

парасат толы пайым иесі де. Өлетіміздің «энциклопедиясы» 1936 жылы 18 сәуірде Қазалы ауданы Қожабақы ауылында дүниеге келген.

«НАН БОЛСА, ӘН БОЛАДЫ...»

Атам Балтақожа Нақыповтың тәрбиесін алдым. Ол өте шыншыл, батыл, өржүрек, еңбекқор, өнерлі жан болатын. Үнемі ағылшын айтып отырады. Сосын ел-жұрт десе жанын беруге даяр тұратын.



Атам Балтақожа екінші дүниежүзілік соғыста жау әскер құрамында бір түнде бес мемлекеттің шекарасын жүріп өткенін айтып отыратын. Оның майдан даласында жасаған ерліктері жетерлік.

Елде не қалды, елде кім қалды?! Көрі құрпандар мен қатын-қалаш, бала-шаға. Қолға ілінгендер майданға кетті, келгендері жараланып келді.

Бірде майдан даласында атам немістердің концлагеріне түсіп қалады. Ол тұтқында болғанда фашистер Гитлердің туған күніне байланысты күрес ұйымдастырады.

Атам елге келген соң да еңбек етті. Күл шаруашылығын көтеруге ат салысты.

«АТАМАДЫ АТАҚТЫ МОМЫШУЛЫ КҮТҚАРҒАН»

Атамның әділдігі жаңында көптеген оқиғалар бар. Соның бірі ретінде айта кетейін, ауыл сыртынан отын алып жүреді ғой. Отын болғанда сексеуіл алады.

Атам елге келген соң да еңбек етті. Күл шаруашылығын көтеруге ат салысты.

Айдос НАХИПОВ, №44 орта мектеп мұғалімі, Сырдария ауданы

«Жауынгерлік тәрбие – әскери киімде емес, жөргекте жатыр» деп Бауыржан Момышұлы айтқаны, ұлтқа қызмет ету ес білгеннен кейін емес, бесікте төрбелгеннен бойға сіңетін қасиеттен дариды.

Биыл Ұлы отан соғысының аяқталғанына 78 жыл толды. Сол кезең тарихтан өшіп, естен кетпейтіні анық. Себебі Отан үшін от кешкен ер мінәзділердің сыйлаған тыныштығы мен бейбіт күні теңдесісіз байлық.



ЖЕҢІС – ЖАНҚИЯР ЕРЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

Үлгісін көрсеткен ерлердің есімі ұмытылмақ емес. «Біз көрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Құресте тудық, сол күреспен өлеміз.

Нәзік АХМЕТ

БАТЫР БАЛАҒА ҚҰРМЕТ



Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында Қазалы ауданындағы «Бала тәрбиесі – баршамызға ортақ міндет» атты бірлескен кеңес отырысына қатысып, кішкентай балаларды өрттен құтқарған оқушы Жансерік Өлімді және оның ата-анасы мен сынып жетекшісін Алғыс хатпен марапаттады.

Ведомство басшысы өскелең ұрпақ тәрбиесінің маңызын атап өтіп, әртүрлі салада нәтиже көрсеткен жастарға «Ел үміті» медалі табысталаатынын жеткізді. «Алдағы уақытта түрлі салада нәтижеге қол жеткізіп, ел мақтанышына айналған жастарды «Ел үміті» медалімен марапаттаймыз. Оларды тәрбиелеген ата-анасы да «Менің балам» медалімен марапатталады, сынып жетекшілеріне де құрмет көрсетіліп, арнайы марапаттар табысталамақ», – деді министр.

Еске салсақ, жуырда Ғ.Мұратбаев атындағы №17 орта мектебінің 4 сынып оқушысы Жансерік Өлім өртенген үйден бесіктегі сәби мен 2 баланы аман алып шыққан болатын.

ЖАСТАР ПАТРИОТТЫҚ ШАРАДА БАС ҚОСТЫ



7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай облыстық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен «Отан айбаты» әскери-патриоттық жастар жиыны өтті. Жиынға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ардагерлері қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы М.Ршауов, Қызылорда қаласының қорғаныс істер жөніндегі департаментінің бастығы А.Чукунов және білім ордаларындағы АӘД пені мүгалімдері мен «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

Жастар мен жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбие беруді жетілдіру мақсатында қозғалыс 2018 жылы құрылып, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді. Қазіргі таңда өңірімізде 11 мыңға жуық жас сарбаз бірлестік құрамында. Сонымен қатар жақында орталықта «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының базасы жасақталып, бірқатар экспонат қойылды. Жиын барысында қатысушы қонақтар әскери-танымдық мұражайды аралады.

Шара аясында өңірдегі әскери-патриоттық бағытты дамытуға өз үлесін қосып жүрген алғашқы әскери дайындық пені мүгалімдері және «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының және «ЖасСарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы қоғамдық бірлестігі төрағасының Алғыс хаттарымен марапатталды.

ОҚУШЫЛАРҒА ЖАЙЛЫ АВТОБҮС



ҚР Оқу-ағарту министрінің Сыр өңіріне жұмыс сапары облыс орталығында қорытындыланды. Ведомство басшысы Қызылорда қаласындағы бірқатар білім беру ұйымының жұмысымен танысып, оқушыларды тасымалдайтын 19 автобусты табыстады.

Алдымен министр «Бетім Ана» бебежай-бақшасына барды. 280 орындық балабақшада 76 қызметкер, оның ішінде 36 педагог жұмыс істейді. Мұнда бүлдіршіндердің жан-жақты дамуына арналған «Мобильді кітапхана», «STEAM» дамытушы орталығы, «KIDS City» балалар ойын қалашығы, «Ұлттық ойындар алаңы» дамытушы орталықтары бар. Ведомство басшысы кабинеттерді аралап, күні бойы бір топта екі тәрбиеші болатын «Айгөлек» пилоттық жобасымен танысты.

Әрі қарай Ғани Бейсембаев Б.Момынтаев атындағы №278 ІТ мектеп-лицейіне барды. Мектепте оқушылар білім алғаннан бөлек, «Нитес» шеберханасы сандық бағдарламасымен басқарылатын терморесте, төсбелгі дайындайтын бпдекте, 3D станокта түрлі операция жасайды. Осылайша өзін заман талабына сай дамыта алады.

Мұнан әрі мектеп алауында оқушыларға арналған автобустарды табыстау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараға ардагерлер мен білім саласының қызметкерлері қатысты.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» деген мақалдың мағынасы мен мәні зор. Сөбебі бес саусақ бірігіп, жұдырықтай жұмылғанда ғана бірлік беки түспек. Алтау ала болса алауыздық орнап, келісім мен ынтымақтың ауылы алыстай бөретіні белгілі. Еліміз өзге ұлт пен ұлыс өкілдерін өмен-жарқын қабылдағаны көпке мәлім. Оған бір тудың астында тату-тәтті тұрып жатқаны дәлел. Мәдениеті бөлек, салты басқа, ұстанымы ұқсамайтын әр өкілді өзектен төпейі, көрегесі кең шаңырақта өмір сүру кендіктің белгісі емес пе?! Ұрыс-керістің ұсқынын емес, сыйластықтың сипатын байқатып, бірлік күнін тойлау жыл сайынғы үзілмейтін үрдіс. Бұл – бөрекенің бейнесін көрсететін нәм қамқорлықты, бауырмалдықты, дәріптейтін ерекше күн. Осы ретте «Сыр-Ана» монументі алаңында Қазақстан халқының бірлігі күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Көпшілік жиналған аланда қазақ халқының, басқа да ұлттардың дәстүрлі қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдар көрмесі ашылды. Гүлдер фестивалі мамыр мерекесінің сәнін келтіріп, жұртшылыққа ерекше көңіл-күй сыйлады.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ тұрғындарын бейбітшіліктің, келісімнің мерейлі мейрамымен құттықтады.

– Ұлы мақсаттарды ұлықтаған, достыққа құшағын айқара ашқан Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім артып, дамудың жаңа көшін бастады. Мемлекет басшысы



Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясында «Халқымыз бірлік пен тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік, – деп елдегі тұрақтылық пен келісімнің негізін атады.

Бүгінде елімізде 130-дан астам, облысымызда 35 ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Олар Әділетті Қазақстанның қалыптасып, өсіп-өркендеуі, бәсекеге қабілетті болуы жолында аянбай еңбек етуде. Айналамызда болып жатқан жағдайларға зерделей қарасақ, бейбітшілік пен тыныштықтың қадірі арта түсері анық. Сондықтан біз бірлігімізді болаттай берік етіп сақтауымыз қажет, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік шараның концерттік бағдарламасында Сыр еліндегі барлық ұлт өкілдері өнер көрсетті. Өсем ән мен өсерлі би арқылы жи-

налған көп-шіліктің көңіліне қуаныш сыйлады. Өсіресе патриоттық өңдер бірлік пен татулық ұғымын ұлықтап, мән-мағынасын айшықтады. Бейбітшіліктің символына айналған көгершін және түрлі-түсті шарлар көк аспанға ұшырылып, еркіндіктің еңсесін тіктей түсті. Асылында ұлтаралық татулық жоғалмай, ынтымақ ыдырамаса ырысымыз артып, жігер де жасымайды. Достық үзілмей, ортақ мақсатта жұмыла жүк көтерсек, іргеміздің сөгілмейтіні сөзсіз.

Замра ҚОНЫСЖАН

– «Ilgek_podcast» жобасы облыстық онкология орталығында қоғаммен байланыс қызметінде жүргенімде ойға келген болатын. Негізгі идеясы

адамға қолжетімді. Бұл жердегі басты мәселемді көше сыпырушы да, білік басында жүрген ағалар да айтқысы келген ойын ватсап арқылы жолдайды, біз оларды өңдеп ұсынамыз.

Қазақстандағы елшісі және Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырапай оң бағасын берді. Краудфандингітің ақпараттық үлгісі саналатын жоба олардың да ойынан шықты. Подкасттың

Мета әлемде тың жаңалық. Қызылордалық белсенді жас Раушанбек Шарапаттың «Ilgek_podcast» жобасы Елорда төсінде АҚШ өлшілігінің ұйымдастыруымен өткен «Жасанды интеллект дөуірі: қазақ медиасын қайта зерделеу» атты дәстүрлі VI «QazaqForum»-да үздіктер қатарына шықты. Форумға дейін алдын ала жарияланған әлеуметтік желідегі үздік жобалар аламынан екі жоба суырылып алға шыққан. Соның бірі – жерлесіміздікі. Ұзын саны 80 үміткер бақ сынаған байқауда жеңіске жеткен белсенді жас өзінің жобасын көпшілік көз қадаған шарада дәлелдеп шықты.



Динара Сәтжан, Мақпал Жұмабай, Ерболат Мұхамеджан қатты дағды. Сөбебі, дағды деген құлшыныстары, кәсібилігін арттыра түсу үстіндегі ізденістері, аудиторияға деген құрметі кез келген маманнан табыла бермейтін қасиет. «Танымдық контенттің өлеуеті» панельдік сессия отырысында өзіміз «Ilgek_podcast» деп аталатын жобамды таныстырдым. Біраз мәдени валюта жинап, жаңа бір тыныс ашылғандай болды. Жасанды зияттың дәуірінде макрейкер болып қалмау үшін құндылықтар қалыптастырып қана қоймай, оны шындай да білу керек екен, – дейді Раушанбек.

«ILGEK PODCAST» ТӨРГЕ ОЗДЫ

қоғамға пайдалы, қоғамға өзінің тигізер үлесі бар, ой салатын, жастарға, замандастарға насихаттайтын, ақпарат алаңы болып саналады. «Anchor» қосымшасы арқылы орнатылады. Бұл подкасттың ерекшелігі кез келген

өзінің қажет деп тапқан ой мен насихатын, біз жастарға, замандастарға насихаттаймыз, – дейді белсенді жас. Форумға қазақтілді медиаконтент саласында жүрген мықтылар қатысты. АҚШ-тың

бөлашағына жаңа медиа жоспарлар құруды да ойға алған жас мұндай форумның қажеттілігін де байқап үлгерген. – Корантодан бастап жасанды интеллектке дейін ғаламат ақпараттар алдым. Қатысқан спикерлерден

Дәулет ҚЫРДАН

Дана халқымыз бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем беріп, ұстазды ұлықтауды дағды еткен. «Дәрігер адамның тәнін емдейді, ұстаз жанын емдейді» деген де бар. Осы ретте биыл өңіріміздегі жоғары оқу орындарының қарашанырағы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіруші түлегімін. Кішкентайымнан ұстаз болуды арман еттім, алғашқы қадамдарымның осылай басталғаны үшін қуаныштымын.

Менің ойымша, әрбір адам шын мәнінде өзіне не қажет екенін ұғыну керек. Сол арқылы мақсатына табандылық танытып, қол жеткізе алады. Мектепте оқып жүргенде ұстаздарымды үлгі тұттым. Оларға қарап, бой түзеп, сол ізгі жандардың ізін басқым келді. Мұнда да жолым болып, жақсы ұстаздарға кезіктім. Балкім, адам баласы шынайы арманына қол созғанда осындай жетістіктерді өңсереді

болар... Тарихтың тереңінен тамыр тартып, Қазақстанның түкпір-түкпірінде ел дамуына сүбелі үлесін қосып жүрген тұғыры биік тұлғалар арасында университет түлектері жетерлік. Қоғамның қай саласында болса да талмайтынбай еңбектеніп жүр. Міне, біз де солардың ізін басып, университетіміздің мақтанышына айналып, ұстаздарымыздың үмітін ақтайтынымызға сенемін. Әлбетте, білім алу –

өмір бойы тоқтамайтын процесс. Ол бір ғана оқу орнымен шектелмейді. Алдағы уақытта ғылымның жолына түсіп, тыңнан түрен салып, жаңашылығымен танылатын қазақтың білімді жастарының бірі болсам деймін. Иә, университеттегі қызық та ғажап уақыт сағат тілінен жылдам айналып, өтіп барады. Біз үшін осы бір төрт жыл ең бақытты шақтардай болды. Ұстаздарымың әрбір ақылы санамда жаңғырып тұрады. Олар бізге тек ілім-білімді ғана емес, өмір

мектебінен алған сабақтарын үйретті. Тура жол сілтеп, дұрыс бағыт берді. Ұстаздарымыздың үмітін ақтау үшін қай уақытта да жақсы мұғалім болуды мақсат еттік. Өйткені, мұғалім тек бір баланы ғана тәрбиелемейді, ол сол бір бала арқылы ұлтты тәрбиелейді. Оның мектептің жүрегі екенін ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтып кеткен.

Қазақ ғылымын көкке көтеріп, ұлағатты ұрпақты елдің кемел келешегін қалыптастыруға барлық ынта-жігерімізді саламыз. Біздің бейбіт өмір ұрпақтарының алдында барлық мүмкіндік бар. Ұлы ойшыл Абай



Құнабайұлы «Ер жеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп бекер айтқан жоқ. Міне, алдыңғы буының өкініші бізге сабақ болу керек. Білім кенін игеріп, кейінгі толқыңа

берер дүниеміз болсын, айтыр ойымыз болсын! Ұстаздарымыз – алдыңғы толқын, ал біз ұрпақтар сабақтастығын осылай жалғауымыз керек.

Аякөз С ПАНОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті.

КІТАП – САРҚЫЛМАС ӘНЕМ

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деп Ә.Кейіпбаев айтқаны, шын мәнінде кітаптың адам өмірінде алатын рөлі зор, орны маңызды. Себебі кітапты оқу арқылы адам таным көзкеігі кеңейтіп, сөздік қорын көбейтіп, парасат-пайымы мол жаңға айналады. Қажеттіні оқып, білімді болу – мәдениеткерсеткішінің жоғары деңгейде екенін білдіреді. Яғни мәдениетті болу алтын қазына саналған кітапты оқудың, оқығаныңнан ой түйіндеп, қорытындылай білудің жемісі. Сол себептібалалар сөзінен бастау алған, білімді жандардың мәнді сөзімен жалғасқан кітапты оқымыз керек. Оқи отырып, ақ пен қараны ажыратып, жақсы мен жаманның ара жігін санада салмақтаған ләзім. Кітап бетін ашқанда мез болып, көз жүгірткенге қуанбай, мазмұнына үңілудің мәні зор. Тіпті, ортақ достармен бірге тақырыбына дейін талдап, шығарманың шарықтау шежі мен шиеленісін талқылау есте сақтау қабілетін де арттыратыны анық. Өзгелерден оқ бойы ілгері озат, білімді болуымыз біздің болашағымыздың жарқын, келешегіміздің кемел болуының кепілі деп білемін.

«Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес» деп Серке Қожамқұлов айтқаны, қазір жаңа технологиялардың қарыштап дамыған заманы болса да, ғаламторға ғана жүгініп, ұялы телефонға телмірмей, кітап оқуды күнделікті әдетке айналырайық. Бұл біз үшін рухани азық, таусылмайтын білім кені болмақ.

Әлинұр АЙМАН

Қазақ қоғамы өртеден ақын, жазушыға кенде емес. Заманының заңғар тұлғасы болған жандар да жетерлік. Елдегі әділетсіздік пен бай-бағыланның шамадан тыс әрекетін туындысына арқау еткен Алаш азаматтарының еңбегі орасан зор. Сондықтан да мен болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде қазақ әдебиетінің даму кезеңдерінің ең өзекті бағыты ретінде ағартушы-демократ өкілдерінің бірі – Сәбит Дөнентаевтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуді жөн көрдім.

Халық игілігі үшін қаламын серік еткен, шындықты астарлап билікке жеткізген, қоғам қайшылығын сынап, көрсеткен қазақ ақынының бірі – Сәбит Дөнентаев. Ол ақындық қабілетінен бөлек, жазушы, демократ ретінде қаншама жұмыс істеп, біраз салада бой көрсеткен еңбеккер. Қарашаның қамын ойлаған тұлға кедей отбасында дүние келген. Қайраткердің шығармалары мәдес бітіргеннен кейін басталды. Заманың алмалы-тектелі уақытында өмірген келген тау тұлға 1916 жылы соғысқа да қатысты.

Жазушы қазақ халқының өмірін жақсарту үшін Алаш зиялыларымен бірігіп, автономия құру ісіне қолдау көрсеткен. Өзінің саналы

ғұмырында елі үшін қызмет атқарып, біршама игілікті жұмыстың басы-қасында болды. Қазаққа серпіліс пен өзгеріс қажет екенін ерте бастан түсініп, қарапайым жұрттың көзін ашуға әрекет жасады. С.Дөнентаев Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, жаңа үкіметті қолдайтын

жасайды. Қаламгер өңелдердің тең құқықта өмір сүруіне зор үлес қосады. Қалың малға тыйым салу үшін күресте тер төккен. Бір қызығы, ақынның жұбайы Қорлығайынды қалың мал бермей, жар етіп алған. Себебі ол Мәнәнбай атты байдың немересі болған. Ал Сәбиттің әкесі Дөнәнбай өмір бойы ауқатты адамның малын баққан.

Демократтың көзқарасына Абай мен Крыловтың мысалдары қатты әсер еткен. Ақынның Уфа қаласында 1915 жылы «Уақ-түйек» өлең жинағы басылып шығады. Бұл еңбегінде сатиралық мысқылмен халықты қанаған патша мен байдың ісін сыңға алады. Биліктің әділетті болу қажет екенін астарлап түсіндіреді.

Қайраткер Абайдың шығармашылығын да көп зерттеген. Ұлы тұлғамызға арнап «Абайға» атты жыр жолдарын арнап, оның азаматтық болмысына терең толғап жасай білген. Осы туындыны оқысаңыз, қаламгердің Абай поэзиясының бағыты мен сырын түсінгенін көресіз.

Көптеген туындының шығуына арқау болған жазушы ұзақ өмір сүре алмады. Дегенмен, қазаққа өшпестей мұра аманат қалдырды. Тарихи тұлғаның басынан өткергені, істеген ігі жақсылықтары болашақ ұрпаққа үлгі болса дейміз.

Бибіноур ЕРБОЛАТҚЫЗЫ, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледждің 3 курс студенті

Көктем келгі!

Күнiренiп қалып ем күз бiткенде, Өмiр дейтен өгей бiр жүздiк көлде... Талдар бүршiк жарғанша тынымым жоқ, Мынау көктем қай көктем? Біз күткен бе?

Бейнең дауыл едi ғой, елесiң жел, Жыл құстары-ау, қай таңда келесiңдер? «Көктем келдi!» деп бүгiн жар салсам ба, Неге менi күттiре бересiңдер?

Мынау сезiм қай сезiм? Біз күткен бе? Гүлдер құлай өсетiн қыз бiткенге. Сүйiп тұрып бақытты болайықшы ей! Үмiт қуып, не таптық үздiккенде...?

Құс боп келгiн сен маған! Өн боп келгiн! Өнсiз, құссыз қаншама таңды өткердiм?... Таңның бәрi күрсiнiп оянғанмен, Тағдырлары әр түрлi әр көктемнiң.

Көктем ғой бұл бiз күткен! Сенем соған. Көбелегiм қайда жүр мен аңсаған? Алдарыңнан шығайын алақайлап, Жыл құстарым о менiң, Оралшы аман!

Жамбыл БАҚЫТӘЛІ

